

## СИНОНИМИЯНЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ

\*Жиренов С.А.<sup>1</sup>, Ержанқызы Ә.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>фил.ғыл.канд., қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы, Қазақстан,

e-mail: Saken82@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4660-0381>

<sup>2</sup>PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан,

e-mail: erzhankyzy91@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-0037-3777>

**Аңдатпа.** Синонимия – лексикалық категория. Синонимдік бірліктер сөз мағынасын байытушы лексикалық единица. Синонимдерге тән қасиеттің бірі – мағынажасам қызметі. Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты – тілдегі синонимиялардың семантикалық категория ретінде мағынажасам процесіне белсене қатысатындығы арнайы нысан ретінде зерделенеді.

Лексикалық жүйедегі синонимияны семантикалық категория ретінде зерттеудің негізгі бағыттары мен идеяларына семантикалық парадигмадағы мағыналық өрістің кеңею жолдары, сөз мағынасының дамуы мен өзгеруі, мағыналық реңктердің қолданысы, сөз мағыналарының түрленуі деген мәселелерді зерттеу арқылы семасеология, лексикалық парадигма, когнитивтік семантика секілді бағыттардың мазмұнын теориялық және практикалық тұрғыдан жетілдіруді көздейді.

Ғылыми-зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығына тілдегі синонимдер тек лексикалық единица ғана емес, семантикалық тұрғыдан сөз мағынасын байытушы, мағынажасамдық сипатқа ие категория ретінде арнайы қарастырылуы зерттеудің ғылыми жаңалығы саналса, зерттеудің практикалық маңыздылығына синонимдер семантикасын зерттеу барысында алынған нәтижелер мен тұжырымдары көркем мәтіндерге лексика-семантикалық талдау жұмыстарында және лингвостилистикалық талдаулардың сапасын арттыруға өзіндік септігін тигізеді.

Синонимдік бірліктердің семантикасын зерттеудің әдіснамасына лингвокогнитология, психоллингвистика, лингвофилософия, лексикалық парадигма салаларындағы сөздің мағыналық танымдық мазмұнын қалыптастыруға, тілдің лексика-семантикалық қабатын байытуға қатысты лингвистикалық тұжырымдар мен қағидалар, ұстанымдар мен заңдылықтар негіз етіп алынады.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдау жұмыстарына сәйкес синонимдердің ішкі лингвистикалық әлеуеті мен оны тұтынушының психологиялық, танымдық, логикалық қасиеттеріне, коммуникативтік, прагматикалық мақсаттарына байланысты тілдік бірліктердің, оның ішінде лексикалық бірліктердің мағынасының кеңеюінен туындайтын мағынажасамдық құбылыс синонимияның семантикалық категория екендігін көрсетеді.

Ғылыми зерттеу жұмысының қорытындылары тілдегі синонимдік бірліктердің семантикалық болмысын тануда тіл бірліктерінің семантикалық жақындық дәрежесі мен семантикалық өрісі арасында бірінің мазмұнын бірі жетілдіріп отыратын, қоршаған ортамен өзара байланысқа түсіретін көзге көріне бермейтін тіл табиғатына тән нәзік иірімдер жатқандығын көрсетеді.

Зерттеудің құндылығы тіл біліміндегі лингвокогнитология, психолінгвистика, лингвофилософия, лексикалық парадигма секілді ғылым салаларының теориялық базасының дамуы мен синонимия теориясының зерттеу бағыттарына үлес қосады.

Синонимияны семантикалық категория ретінде зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес лингвистикалық сипаттама әдісі, стилистикалық-семантикалық талдау әдістерімен қатар, теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, ғылыми тұрғыдан талдау қорыту т.б. әдістер қолданылды.

**Тірек сөздер:** синоним, синонимия, семантикалық категория, вариативтілік, денотатив, лингвистика, архисема, дифференциалдық сема, контекст, компонент

## **Негізгі ережелер**

Қазіргі лингвистикалық зерттеулер лексикалық бірліктердің табиғатын жаңаша зерттеуге негізделген. Тілдегі синонимдердің семантикалық категория ретінде зерттеу – белгілі-бір заттың әр алуан реңктегі сипатын білдіретін құрал ғана емес. Ол ауызша және жазбаша тіл табиғатында кездесетін, көркем мәтінге көрік беретін, адам ойының ассоциациялық бейнелеудегі қуатын көрсететін, көркемдеуіш бейне тудырушы және коммуникативтік-семантикалық қызметтерімен ерекшеленетін компонент болып табылады. Синонимия семантикасынан субъектінің әлемнің бейнесін танудағы дүниетанымын, эстетикасын, белгілі бір зат пен құбылыс туралы субъективті көзқарасын, авторлық идиостилін көрсететін лексикалық бірлік ретінде танылады. Синонимдер қоршаған ортадағы зат пен құбылыстың бір болмысының әр алуан кейпін, сапасын, қасиетін көрсететін мағыналық реңкке негізделген категория саналады. Тілдегі синонимдер қоршаған ортадағы белгілі бір заттың әр алуан тілдік бейнесіне қатысты халық дүниетанымының тілдік ерекшелігін көрсетеді.

## **Кіріспе**

XX ғасырдың бірінші және екінші жартысында синонимдерге қатысты Н.Абрамов, З.Е.Александрова, Ю.Д.Апресян, В.А.Гречко, А.Д.Григорьева, В.М.Григорян, А.П.Евгеньева, В.Н.Клюева т.б. зерттеушілер сөздердің синонимдік өлшемдерін әр түрлі деңгейде қарастырды. Осыдан кейін синонимия туралы лингвистикалық идеялар тілдің барлық салаларына енетін құбылыс ретінде айқын дамыды. Тілдегі синонимдерді олардың семантикасы мен функцияларын анықтауға, синонимдерді оқшаулау және жіктеу принциптеріне, сөз мағыналарының жақындығы мен ұқсастығына, синонимдік қатарлардың құрылымы мен шекараларына, синонимия мен вариативтілік қатынасы арнайы қарастырыла бастады. Алайда синонимдер теориясында бірқатар шешілмеген мәселелер, соның ішінде синонимдерді анықтаудың теориялық және әдіснамалық негіздері мәселе шешімін таппады.

Қазақ тіл біліміндегі синонимдерді А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық секілді ғалымдардың еңбектерінде ішнара жалпы шолу ретінде немесе жекелеген кейбір лингвистикалық талдауларында қарастырылған. Ал қазақ тіліндегі синонимдерді арнайы нысан ретінде қарастырған Ә.Болғанбаевтың «Қазақ тіліндегі зат есім синонимдер», «Қазақ тіліндегі синонимдер», «Қазақ тіліндегі

синонимдер сөздігі», «Сөз әлемі»; С.Бизақовтың «Сөз варианттары», «Синонимдер сөздігі», «Қазақ тілі қандай тіл?» деген еңбектерінде синонимдердің теориялық негізі мен практикалық мазмұны жан-жақты зерттеледі. Сонымен қатар лексикология пәніне қатысты оқулықтардың авторлары Ғ.Мұсабаева, К.Аханов, Ғ.Қалиев, Б.Сағындықұлы, А.Айғабылұлы, Б.Қалиұлы, Ф.Оразбаева, т.б. секілді ғалымдардың еңбектерінде синонимдердің табиғатына тән ерекшеліктер жан-жақты қарастырылған.

Айта кету керек, ХХІ ғасырда синонимия мәселелерімен айналысатын кейбір ғалымдар денотативті макрокомпоненттегі жақындықты, атап айтқанда синонимдік сөздердің жалпы семантикалық компоненттерін синонимияның қосымша критерийі ретінде ажыратады.

Кейбір авторлар синонимдерді сөйлеудің бір бөлігіне жататындығын коннотативті макрокомпоненттегі айырмашылықтарды ескере отырып, олар салыстырылғанда бірдей ұғымды және бірдей мағынаны білдіруі керек деп санайды. Бірқатар ғалымдар синоним деп тану үшін сөздердің өзара алмастырылуын және ұқсас үйлесімділік өлшемдерін ескеру қажеттігін айтады. Тілдегі синонимдер екі немесе одан да көп лексикалық бірліктердің семемасы деп саналса, олар белгілі бір ұғымды білдіре отырып, өзіне жақын мағыналарды жинайды, семантикалық ядродан тарайтын мағыналық өрісті қалыптастырады (архисема + ядролық жүйелер жиынтығы) және мағыналардың нормативтік үйлесімділігі мен олардың контексте өзара алмасуын білдіреді. Сондай-ақ, тарихи тұрғыдан әр түрлі дәуірлерге жататын лексикалық бірліктердің мағына өзгерісін ескеру қажет деп санаймыз, өйткені олардың функционалды макрокомпонентінде айырмашылықтар болады.

Жеке семеманың құрамындағы ядролық, перифериялық, коннотативті, функционалды мағыналарды анықтау семантикалық сипаттамаларды (лексикографиялық, психоллингвистикалық, коммуникативті-семантикалық) толықтырылу принципіне сүйене отырып, тілдің мағынасын және оның даму өрісін зерттеу әдістеріне негізделеді. Зерттелетін сөз мағыналарының өрістік сипаты семеманың құрамындағы интегралдық және дифференциалды семаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Синонимдер табиғатына лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу арқылы олардың лингвистикалық, филологиялық, стилистикалық, эстетикалық, психологиялық, когнитологиялық, т.б. ерекшеліктеріне терең бойлауға болады. Жалпы синоним дегеніміз – сөз. Ал сөз – адамзат баласының заманалар бойғы жасаған тыныс-тіршілігін, ділін, руханият әлемін көрсететін белгі. Адам баласы сөзді қолдануда тілдік көркемдеуіш құралдарды өз қажетіне сай пайдаланған. Мұндағы көркемдеуіш құралдар дегенде тілдің лексикалық қабатының лексика-семантикалық тобына жататын синонимдерге ерекше назар аударуға болады. Көркем әдебиет ұлт тіліне тән баға жетпес құндылықты бойына сіңірген болса, сол көркем дүние тілін көріктендіретін қажетті тілдік амал-тәсілдердің бірі синонимдер арқылы жүзеге асады.

Синонимдер – көркем шығарма тіліне өң беретін, суреттеудің тілдегі ең қажетті құралдарының бірі. Синонимдердің стильдік бояуы қарапайым сөзбен салыстырғанда әлдеқайда күшті, стилистикалық, экспрессивті-эмоционалдық,

лингвокогнитивтік мүмкіншіліктері анағұрлым мол. Осымен байланысты синонимдердің тілдік қатынас пен көркем сөзде қолданылатын қызметі сан қырлы. Мәселен, образ сомдау мен портрет жасауда маңызды рөл атқарады. Синонимдер қатысқан суреттеулер арқылы айтылар ой бейнелі шығады. Сонымен қатар, характер жасауда синонимдік тіркестердің орны ерекше.

Лексикалық бірліктердің жақындығы олар үшін ортақ белгілерге негізделеді: ұқсастық – интегралдық семаға сәйкес келуімен, ал айырмашылық – әрбір өрістегі дифференциалдық семаға сәйкес келмейтін белгілердің болуына қарай белгіленеді. Осы тұрғыдан дәйектерімізді дәлелдеу үшін синонимді зерттеудегі жаңартпалар мен жаңа әдістерге шолу жасап көрейік.

Синонимді лингвистикалық категория ретінде тіл білімінің барлық аспектілерінде зерттеу аса маңызды. В.Н.Клюева синонимдердің қысқаша сөздігінде: «Синонимдерді объективті шындықтың барлық құбылысының мәнін көрсететін сөздер мен ұғымдар, қосымша реңктермен ерекшеленетін синонимдер бір-бірін ауыстыру үшін ғана емес, ойды және тұжырымға деген көзқарасымызды нақтылау үшін де қызмет етеді» деп анықтайды [1, 17 б.].

З.Е.Александрованың зерттеуінше: «Бірдей лексикалық мағынасы бар, тек мағынасының реңктерімен, экспрессивті түсімен және тілдің белгілі бір стилистикалық қабатына жататындығымен ерекшеленетін және кем дегенде бір-біріне сәйкес келетін үйлесімділігі бар сөздер ғана синонимдік қатар құрай алады. Тек осы жағдайда олар бір-бірін нақты контексте алмастыра алады» [2, 15 б.].

А.П.Евгеньева: «Синонимдер белгілі ұғымды білдіретін, мағынасы жағынан ұқсас немесе жақын сөздер, белгілі бір уақытта тілде байланысқан және сол ұғымның нәзік семантикалық реңктерін немесе эксперименттік, стилистикалық, жанрлық және басқа да айырмашылықтарын егжей-тегжейлі ажыратуға қызмет етеді» деп анықтайды [3, 29 б.].

Синонимияның жоғарыда келтірілген анықтамалары, яғни ХХ ғасырдағы синонимдік сөздік авторларының тұжырымдары сөйлеудің бір бөлігіне жататын, бірдей ұғымды білдіретін, экспрессивті және стилистикалық айырмашылықтарды білдіруге қызмет ететін, бір-біріне сәйкес келетін синонимдерге қатыстылығын көрсетеді.

Тілдегі өзара мәндес-мағыналас лексикалық бірліктердің мағынасындағы нәзік иірімдерін дәл тауып, синоним сыңарларының айтылмақ ойға байланысты дәлме-дәл келетінін нақты қолдана білудің адресат пен адресант үшін ақпаратты қабылдау мен түсіну барысында маңызы зор. Тіл біліміндегі жалпы синонимдерге қатысты жүргізілген зерттеулердің бәрі синоним табиғатының тылсымына деген құштарлықтан туындаған.

Ал семасиологияның ғылымдағы жеке бағыт ретінде қалыптасуы мен дамуы синонимияның лингвистикалық және антропологикалық табиғатын зерттеуге мүмкіндік берді, ол синонимнің экспрессивті құрал немесе мағына жақындығы ретінде ғана емес, туыс, ұқсас, жақын семаларды әртүрлі деңгейлерімен анықтауға бет бұрды. Осыған байланысты ХХІ ғасырда синонимияға қатысты жаңа идеялар пайда болады. И.В.Царевская мен М.В.Тимашова «синонимдерді бір сөз табына жататын, бірақ денотативті

мағынада өзара ұқсас, жақын ал коннотативті мағынада әр түрлі сөздер ретінде қарастырды» [4, 210 б.].

XXI ғасырда синонимия мәселелерімен айналысатын кейбір ғалымдар денотативті макрокомпоненттегі жақындықты, атап айтқанда синонимдік сөздердің жалпы семантикалық компоненттерін синонимияның қосымша критерийі ретінде ажыратады. Кейбір авторлар синонимдерді сөйлеудің бір бөлігіне жататындығын коннотативті макрокомпоненттегі айырмашылықтарды ескере отырып, олар салыстырылғанда бірдей ұғымды және бірдей мағынаны білдіруі керек деп санайды.

Бірқатар ғалымдар синоним деп тану үшін сөздердің өзара алмастырылуын және ұқсас үйлесімділік өлшемдерін ескеру қажет деп санайды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып синонимдер екі немесе одан да көп лексикалық бірліктердің семемасы деп санаймыз, олар белгілі бір ұғымды білдіре отырып, өзіне жақын мағыналарды жинайды, семантикалық ядродан тарайтын мағыналық өрісті қалыптастырады (архисема + ядролық жүйелер жиынтығы) және мағыналардың нормативтік үйлесімділігі мен олардың контексте өзара алмасуын білдіреді. Сондай-ақ, тарихи тұрғыдан әр түрлі дәуірлерге жататын лексикалық бірліктердің мағына өзгерісін ескеру қажет деп санаймыз, өйткені олардың функционалды макрокомпонентінде айырмашылықтар болады.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Жеке семеманың құрамындағы ядролық, перифериялық, коннотативті, функционалды мағыналарды анықтау семантикалық сипаттамаларды (лексикографиялық, психоллингвистикалық, коммуникативті-семантикалық) толықтырылу принципіне сүйене отырып, тілдің мағынасын және оның даму өрісін зерттеу әдістеріне негізделеді. Зерттелетін сөз мағыналарының өрістік сипаты семеманың құрамындағы интегралдық және дифференциалды семаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Лексикалық бірліктердің жақындығы олар үшін ортақ белгілерге негізделеді: ұқсастық – интегралдық семаға сәйкес келуімен, ал айырмашылық – әрбір өрістегі дифференциалдық семаға сәйкес келмейтін белгілердің болуына қарай белгіленеді.

Синонимдердің мағыналық өрісіндегі жақындық пен алшақтықты зерттеу құрылымдық лингвистика кеңістігінен шығып, антропологистикалық аспектіге ұласа бастады.

Синонимдерді зерттеудің төрт негізгі тәсілі анықталды: семантикалық, синтагматикалық, прагматикалық және денотативті тәсілдер.

Семантикалық тәсіл аясында синонимдер толық сәйкес келетін немесе ішінара сәйкес келетін мағынасы бар сөздер ретінде анықталады (О.С.Ахманова, А.Н.Гвоздев, А.Д.Григорьева, В.М.Григорян, Д.Н.Шмелев), құрылымдық тәсіл аясында сөздердің синонимиясы олардың мағынасын өзгертпестен бір контексте олардың өзара алмастырылуы тұрғысынан анықталады (Л.А.Булаховский, С.Ульман, В.К.Фаворин). Прагматикалық

көзқараспен зерттеушілердің назары синонимдердің стилистикалық сипаттамасына аударылады (А.П.Евгеньева, Д.Н.Шмелев), денотативті зерттеу кезінде денотатқа қатысты контекстік белгілерге негізгі зерттеу нысанына айналды (Р.А.Будагов, А.А.Реформатский).

Тілдегі синтаксистік синонимияны анықтауда мағынаның «тұрақсыздығы», оның жеке автордың «мағынасында өзгеруі», яғни автордың тілдік тұлғасына тәуелділігі сияқты даулы мәселелер құрылымдық лингвистикадағы синонимияны басқа қырынан зерттеуге түрткі болды.

Дәстүрлі тәсіл аясында синтаксистік синонимдердің тілдік тұлғаға тәуелділігі сипаты және оған синонимдер сөздіктерінде бекітілген ұқсас мағыналы синонимдердің болмауы тіл жүйесіндегі синтаксистік синонимдерді нақтылау заңдылығына күмән келтіре бастады. Бұл лексиканы жүйе ретінде зерттеу тілдік құбылыстарды саралауды қажет ететіндігін көрсетеді ал сөйлеу жүйесіндегі сөздердің жақындасуы тұтастай алғанда тіл жүйесіне емес, адамтанымдық жүйеде қарастырылуы тиіс деген түйінге алып келді.

Антропоцентристік парадигманың әсерінен лингвистикада синтаксистік синонимияны зерттеуге қатысты танымдық көзқарас белсенді дамып келеді, ол контекстік қоғамдастықты ана тілінде сөйлейтін сөздердің мағынасына субъективті түрде жақындық ретінде қарастырады.

Д.Н.Шмелев: «Әр түрлі сөздерді бір құбылысқа жатқызу мүмкіндігі олардың эквиваленттілігімен немесе семантикалық жақындығымен емес, осы құбылыстың әртүрлі қатынастарымен немесе бағалауымен анықталады» деп тұжырымдайды [5]. Сөз мағыналарының жақындығы объектіні осы заттарға немесе құбылыстарға ортақ қасиет негізінде басқа объектімен салыстыруға негізделген. Сөздердің контекстік жақындығы автор әлемінің жеке бейнесінде олар белгілеген шындық фрагменттерінің жақындасуына байланысты. Ал С.Лебедева: «авторлық немесе субъективті даралықтан туындаған мағына әр түрлі контекстегі сөздердің мағынасының жақындығын сипаттау кезіндегідей айқын көрінбейді» деген тұжырым жасайды [6, 125 б.]. Демек, синтаксистік синонимдер жеке автордың шығармашылық және ойлау актісінің өнімі ретінде анықталады және белгілі бір контексте сөз мағыналарының жақындығын өзектендіреді. Синтаксистік синонимдерді бөліп көрсетудің негізгі критерийі – бұл ақиқат дүние бейнелері элементтерінің арасындағы байланысқа тікелей тәуелділігі және автор әлемінің тілдік бейнесінде көрініс табатын, синонимдер сөздігіне тіркелмеген мағыналардың жақындығы.

Синтаксистік синонимияның пайда болуының алғышарттары ойлаудың әмбебап логикалық құрылымында, оның ассоциативті сипатында және тұрақты стереотиптердің бұзылуында. Синтаксистік синонимдер адам танымындағы ой мен мағынаның желісінен қалыптасады. Ал адамның танымдық іс-әрекеті әрдайым объектілерді басқа объектілерден айырмашылығы арқылы бөлу қажеттілігімен мен мүмкіндігінен туындап жатады. Әрбір адам танымында зат пен құбылыстың мағыналар реттілігі әртүрлі құрылады. Мәселен, «Отан» ұғымы жайлы бірнеше мағыналардың жиындығы әрбір адамның танымында әртүрлі реттеледі. Бірінде ең күрделі

құрылымдар алдыңғы қатарда тұруы мүмкін, ал кейбір адамдарда ең қарапайым ассоциациялық мағыналар бірінші ретте болуы мүмкін. Б.Ю.Норманның айтуынша да, «Сөйлеуші тақырыпты жақсы білу, оны бірқатар ұғымдармен байланыстыру және олардың шеңберін дәйекті түрде тарылту үшін синонимдерді сұрыптайды» [7, 15 б.].

Синтаксистік синонимияның табиғи белгісі – мағыналардың ресми (сөздіктегі) жақындығынан гөрі авторлық танымдағы мағынаның жақындығына екіұшты көрінеді. Сөздердің синонимделу үдерісі контекстегі сөздің мағыналық мазмұнының ілгері дамуына, көбеюіне, оның мағынасын синонимдік өрістермен жетілдіруге әкеледі. Сондықтан авторлық деңгейде болсын, жалпыхалықтық деңгейде болсын мағынаның жақындығы сөздің құнарын, қасиетін, қорын кеңейте түседі.

Осы тұжырымды Н.Никитин: «Мәтін авторының тілдік тұлғасының белгілі бір танымдық құрылымдарының әсерінен контекстегі семантикалық құрылымның өзгеруінен лингвистикалық зерттеулер көрсеткендей, «сөздің мағынасы қатаң және айқын шекараларға ие емес екенін көрсетеді» [8, 82 б.].

Бұл тілдегі семантикалық ығысу, көшу үдерісінің үздіксіз болатынын дәлелдейді. Семантиканың трансформациясы нәтижесінде жеке авторлық мағынаны білдіретін синтаксистік синонимдер бір жағынан лексеманың бастапқы тілдік мағынасынан және жеке ассоциативті базадан, автордың тілдік тұлғасының концептосферасынан алынған бірнеше күрделі өзара байланысты мағыналарды бірден жүзеге асырады.

Осыған байланысты сөздердің жақындасуының мәнін – синтаксистік синонимдерді ескере отырып, лексикалық мағынаның өрістік құрамын кеңейт үрдісінде қарастыру маңыздылығы туындайды. Бұндағы ең маңыздысы – микроконтекстер-лексикалық бірліктердің кездейсоқ жақындасуынан көрінетін синонимдік қатар.

Синонимдік байланыстар мен синонимдік қатынастар сөздердің лексикалық мағыналары арасындағы бір ғана байланыстың түрі болып саналады. Бірақ бір тақырыпты немесе бір ұғымды білдіруге синонимдену үдерісі әртүрлі тәсілді қолданады.

Белгілі лингвист И.В.Арнольдтың пікірінше, Синонимия барлық тілдерге тән және тілдің дамуының көрсеткіші болып табылады, өйткені «бай жан-жақты дамыған сөздік құрамы функционалды стильдердің жоғары дамыған жүйесіне ие, ал стильдердің байлығы таңдау мүмкіндігін арттырады, ал таңдау мүмкіндігі артқанда сөздердің мағыналас өрісі кеңейгенін ұғынамыз, бұл сөзді бір өзара алмастыруға себеп болады, яғни синонимияның дамығанын білдіреді» [9, 271 б.].

Халық пен оның тілінің тарихы неғұрлым күрделі және ұзақ болса, оның әдеби дәстүрі неғұрлым бай болса, лексиканың жалпы құрамы, әсіресе мағыналардың ұқсастығы мен жақындығымен байланысты лексика неғұрлым күрделі, әр түрлі және гетерогенді болады [10, 8 б.]. Кешенді техниканы қолдану синонимдерді сипаттау кезінде зерттеушінің мүмкіндіктерін едәуір арттырады.

## Нәтижелер

Синонимді тіл ғылымында мағыналық эквиваленті бар немесе имплицитті (жасырын) мағыналы сөздер тізбегі деп ұғындырады. Дегенмен, кейбір мағыналас сөздер имплицитті қолданыс «гипоним-гипероним» қатынасында синонимдік қатар құра алмайды. Мәселен, «Биыл астық бітік шықты» және «Биыл бидай бітік шықты». «Астық-бидай» өзара синоним бола алмайды. Себебі бидай – астықтың бір түрі. Астық – жалпы (гипоним) атау, бидай – астық тұқымдасына жататын түр атауы. Сондықтан сөйлемде «жалпылық/жекелік» қатынасты ажырататын сөздер ретінде «астық/бидай» сөздері синонимдік жұп бола алмайды. Себебі астық ұғымына бидай да, жүгері де, күріш те, қарақұмық та, тары да, т.б. астық тұқымдасты дәнді дақылдардың барлығы егіліп бітік шыққаны туралы ақпарат ретінде қабылдаушылар үшін «астық/бидай» синонимдік жұбын қалыптастыра алмағандар басқаша түсінуі мүмкін. Дегенмен, қазақтың дәстүрлі мәдениетінде астықты бидай деп қабылдайтын «астық/бидай» мағыналық жұпты қабылдаушылар да бар. Бұндай жағдайда «симметриялы гипонимия» қатынасы деп танылып, синонимдес сөздер ретінде талданып жатады. Демек, кейбір жағдайда, ұлттың немесе халықтың тану, қабылдау ерекшелігіне орай қалыптасқан мағыналас сөздердің мәтін аясында анықталғандықтан, қолданыс шегінде шектеулер болғандықтан ішінара синонимдер деп аталады.

Сонымен синонимдер функционалдық қызметіне қарай толық және ішінара синонимдер деп ажыратылады. Бұлайша ажыратылуының себебі – екі түрлі таңбаланған лексеманың мағыналарында толық және ішінара эквиваленттік болуы. Мәселен:  $X=Y$  – толық синонимдер;  $X\approx Y$  – ішінара синонимдер. Демек, синонимдердің құрылымында, жасалымында арнайы заңдылықтар болады. Синоним заңдылықтары парадигматикалық, синтагматикалық кеңістікте анықталады. Синоним болудың қағидаттары мен критерийлері де бар. Синонимдер атаудың пайда болуына немесе сөздік қордағы лексемалардың мағыналық дамуына, кеңеюіне, тарылуына тікелей тәуелді болады. Сондықтан синонимдер – үздіксіз динамикадағы құбылыс. Демек, синонимдер лексика-семантикалық категорияның бір типі деп танылады. Лексика-семантикалық категориялар қатарына көпмағыналылық та жатады. Бірақ синонимдердің көпмағыналылыққа қарағанда ономазиологиялық сипаты басым болады. Әдетте синонимдерді лексикология аспектісінде қарастырып, синонимдердің түрлерін ажыратамыз. Мәселен, *идеографиялық синонимдер* (актер-әртіс), *стилистикалық синонимдер* (қыпша бел, бұраң бел, құмырсқа бел), *семантика-стилистикалық синонимдер* (әлсіреу- былжырау; жылау-еңіреу; алдау - «қоянның суретін салу»), т.б. Ал синонимдерді ономазиологиялық аспектіде зерттеу нәтижелері аса байқалмайды. Негізі синонимдердің ішкі мағыналық заңдылықтары ономазиологиялық қағидаттардан анықталады. Себебі синонимдердің жасалу табиғаты «мағынадан формаға» бағытында пайда болады. Бұл мәселе ономазиологияның нысаны деп танымыз. Әдетте синонимдердің жігін ажыратуда жиі қателесеміз. Себебі синонимдер жеке



лексема түрінде де, мәтін мазмұнындағы қызметі ретінде де мағыналас сөздер жұбын құрай алады. Олай болса синонимдердің шегі болмайды және кез келген сөз синонимдік қатар құрай алады деген түйін қалыптасады. Ал шын мәнінде «таза күйінде» синонимдік қатар құрайтын абсолютті синонимдер саны өте аз. Демек, синонимдес сөздердің атау ретіндегі мағыналық құрылымдарын толық меңгеріп алмайынша, синоним заңдылықтарын айқындау қиын.

Сонымен, лексикографиялық әдіс синонимдердің ең толыққанды семалар жүйесін ажыратуға мүмкіндік береді.

Психолингвистикалық әдіс синонимдердің коннотативті (бағалау/эмоционалды), функционалды белгілерін, сондай-ақ қолданыстағы сөздік басылымдарда көрсетілмеген жаңа семалар мен семантикалық белгілерін ассоциативті эксперимент арқылы толықтыруға мүмкіндік берді.

Коммуникативті-семантикалық әдіс бір синонимдік қатарға кіретін лексикалық бірліктердің нормативтік үйлесімділік аймағын анықтады.

Синонимия – тілдегі әмбебап лингвокогнитивтік процестердің ерекшелігін көрсетуші құбылыс. Лингвокогнитология үшін маңызды болып табылатыны – сөйлеу процесінде синонимдерді қолданудың көптеген когнитивтік мүмкіндіктері бар. Олар негізінен сөзге көрік берудегі стилистикалық, көңілдегі көрікті ойдың қонымды болуын қамтамасыз ететін эмоционалды-экспрессивтілік, сөзбен суреттеудегі адамның қиял әлемінің шексіздігін көрсетудегі романтикалық, дүниені қабылдаудағы ой түкпіріндегі танымдық жүйені көрсететін когнитивтік мүмкіндіктерін атап өтуге болады. Осылардың барлығы біріге келе синонимдердің лингвокогнитивтік жүйеге қатыстылығын көрсетеді.

Тілдегі синонимдерді мың бояулы сырлы сөз деп тануға болады. Синонимдік қатардағы сөздердің мағынасы бір болғанымен (*мұғалім-оқытушы-ұстаз; әскер-жауынгер-сарбаз-жасақ-қол, т.б.*) мағыналық реңкі бөлек болады. Синонимдік қатардағы сөздер мағыналық реңкіне қарай контексте әркелкі қолдануымен бірге, бір бірімен қатар жарыса тізбектеліп те қолданыла береді.

### **Талқылау**

Интеграциялық зерттеу сөздің мағынасындағы жақындық пен ұқсастықты сипаттауда барлық үш әдісін біріктіру арқылы мағыналық дифференцияны анықтауға бағытталды.

Талдауларды қорытындылай келе мынадай тұжырым жасалады:

XXI ғасырда синонимдік қатынастардың табиғатын әртүрлі түсіндіретін бес тәсіл анықталды:

1) Денотативті тәсіл. Синонимдерді ақиқат дүниенің бір құбылысын білдіретін сөздер ретінде түсіндіреді (А.А.Реформатский, М.Ф.Палевская, Н.Г.Комлев, В.Н.Клюева, С.А.Песина);

2) Дәстүрлі тәсіл. Синонимияны мағынаның ұқсастығы немесе жақындығы ретінде қарастырады (А.П.Евгеньева, Р.А.Будагов, Л.А.Новиков, С.Г.Бержан, А.А.Брагина);

3) Құрылымдық тәсіл. Синонимдердің формальды және семантикалық сипаттамаларының сәйкес келуін болжайды (М.Агрикола, Дж.Лионз, Ю.Д.Апресян);

4) Прагматикалық тәсіл. Синонимдердің өзара алмастырылуын негізгі ұстаным етеді (Л.Мерфи, В.А.Звегинцев, Б.В.Горнунг, В.К.Фаворин, М.И.Черемисина, Ш.Балли, Джексон, С.Ульман, Д.Болигер, Д.Сирс);

5) Психолингвистикалық тәсіл, оның аясында синоним ретінде тіл тұтынушының лексиконына жақын мағыналы сөздердің тартылуының қарастырылуы анықталады (Е.В.Глазанова, А.А.Залевская, С.В.Лебедева, Т.Ю.Сазонова, И.А.Стернин, А.С.Штерн, А.А.Шумилова).

Денотативті тәсілдің аясында синонимдер шындықтың бір құбылысын білдіретін сөздер ретінде қарастырылады, яғни, синонимдерде «белгіленген тақырып» деген жалпы белгі болады. денотативті тәсіл арқылы ортақ, негізгі және жалпы мағынаның реңктерінде болатын және әртүрлі сөйлеу стильдеріне қатысы бар ұқсас семалар анықталады.

Синонимияның денотативті түсіндірмесі терминнің кіріспе түсіндірмесінде жиі кездеседі: «бір затты, бір әрекетті, бір тақырыпты, бір белгіні білдіретін әртүрлі сөздер болады. Мысалы: қасқыр; бөрі – екеуі де бір ғана жануардың атауы.

Дәстүрлі тәсілде синонимдер бірдей немесе жақын мағынасы бар сөздер деп танылады және синонимді таза лингвистикалық категория ретінде қарастырады. Синоним анықтамасы дәстүрлі тәсіл бойынша анықталған дефиниция бойынша оқытылады. Дәстүрлі тәсіл екі бағыт бойынша зерттейді: біріншісі - синонимдерді бірдей мағынасы бар сөздер ретінде қарайды, екіншісі синонимдерді жақын мағынасы бар сөздер ретінде түсіндіреді. Бірдей мен жақын мағыналас сөздердің айырмашылығы бар деген сөз. Әрине, бірдей мағыналы сөздер сирек кездеседі, өйткені тілдегі мағыналардың сәйкестігі сирек кездеседі және лексикалық дублеттердің тар тобымен байланысты. Мысалы: жылқы - ат; қысқаш - тістеуік - атауыз; Әдетте бірдей мағыналы сөздер абсолютті синонимдерді құрайды. Ал абсолютті емес синонимдерде сөзсіз мағынада алшақтық болады, яғни мағынаның жақындығы дифференциация заңымен немесе контраст қағидасымен қалыптасады. Синонимдердің көпшілігі салыстырмалылық қатынасында анықталады. Әдетте, абсолютті емес синонимдер ұқсас мағынасы бар сөздер ретінде түсініледі, бірақ бұл ұқсастықтың өлшемін анықтау өте қиын. Бұл айтарлықтай теориялық проблемалар туғызады: егер абсолютті синонимдер үшін нақты өлшем қолданылуы мүмкін болса, онда абсолютті емес синонимдер үшін мұндай дәлдік мүмкін емес.

Синонимияны мағынаның жақындығы ретінде түсіндіру «мағынаның реңкі» және «дифференциалды семалар тізбегі» ұғымдары арқылы жүзеге асады: олар синонимдерді басқа синонимдік қатардан ажыратуға мүмкіндік береді. Аталмыш тәсіл сөздердің мағынасын компоненттік талдау әдісіне негіздейді, оған сәйкес сөздің мағынасынан қарапайым семантикалық бірліктер (семалар) бөлінетінін көрсетеді. Дәстүрлі тәсілдің кемшілігі оның психологиялық емес екендігі; тіл тұтынушылар сөздердің лексикалық

мағынасын қарапайым компоненттер жіктеп ажыратпайды, оның орнына басқа логиканы қолданатындығын тәжірибелік мәліметтер көрсетті. Демек, синонимдердің табиғи болмысын зерттеу үшін адамтанымдық тәсілдер аса қажет.

Құрылымдық тәсіл. Синоним – көпөлшемді категория. Сондықтан бұл тәсіл синонимдерді жүйелеу мақсатында анықтауды көздейді. Бірақ синонимдердің жаңа түсінігін құруға, басқаша зерттеуге деген серпін дәстүрлі анықтамаға қанағаттанбау және синонимнің семалық өрістері шексіз толыға беретінін тану оны мағыналардың иерархиялық жүйесі, объективті құралдар жиынтығы ретінде қарауға ұмтылыс жасады. Синонимдерді зерттеуде теңгерім бұзылғаннан кейін оны танушылардың арасында сыни көзқарастар қалыптасты.

Шетел лингвистикасында синонимдерді әртүрлі тәсілмен зерттеу Дж Лайонзе шығармаларында кеңінен көрініс тапты. Дж Лайонзе пікірінше синонимдер үш шартқа сәйкес келетін сөздер болып табылады:

- (1) олардың барлық мағыналары бірдей,
- (2) барлық контексте синоним деп танылады
- (3) олар семантикалық жағынан тең [11, 77 б.].

Прагматикалық тәсіл. Осы тәсіл аясында синонимдерді бөлудің екі негізгі әдісін ажыратуға болады: 1) мәтіндегі өзара алмасу; 2) контекстік үйлесімділік. Сөз мағынасы тіл тұтынушы практикасына бағытталса және сөздің мағынасы тілдік практикадағы сөйленіс арқылы түсінілетін болса ғана синонимнің прагматикалық қасиетін көруге болады. Синонимге қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде кең таралған анықтама – бұл өзара алмастыру әдісін түсіндіруді көздейтін анықтамалар. «Бір контексте немесе мағынасына жақын контексте бір-бірін алмастыра алатын сөздер мағынасында айтарлықтай айырмашылықты сезінбестен синонимдер деп аталады» деген анықтама синонимдер сөздігіне бағынуды талап етпейді, керісінше сөйленістегі, тілдік практикадағы сөзқолданыстың мағыналық мәртебесін алға қояды. Прагматикалық тәсілде синонимдер басқа сөздермен қосылу қабілетімен ерекшеленуі мүмкін. Мысалы, ескі – ұзақ уақытта емес, жақын уақыттағы күйі тозған, мүжілген, қираған, сырылған, ыдыраған, өңі кеткен болып сипатталса, көненің – жылдар немесе ғасырлар бойы сақталуы басымдыққа ие болады. Сондықтан ескі заттық атаулы сөздермен тіркескенде абсолютті мағынасын дәл сақтайды (ескі мәшине, ескі сөмке, ескі үй, ескі кеме), ал көне абстрактті атаулармен тіркескенде контекстік үйлесімділік табады (көне заман, көне тарих, көнекөз қария). Дегенмен, көне сурет деп те айтуға болады, бұл жағдайда суреттің ұзақ жылдар бойы сақталғанын немесе адамның ұзақ жылдардан кейінгі өмірін еске түсіретін уақыт аралығында үлкен қашықтықты білдіруге бағытталған мағынада танылады. Суреттің мүшілген, ескірген, тозған, сарғайған қалпын танытатын мағына екінші реттікке саналады.

Психологиялық тәсіл. Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттың дамуы синонимді осы тәсілмен зерттеуге жол ашты. Соның ішінде синонимдер алғаш рет психолингвистикалық аспектіде сәтті жаңалықтарға ие болды. Тіл

тұтынушының ішкі лексиконында мағыналардың бір-біріне жақындығы ассоциативті эксперименттер арқылы анықталды. Яғни тіл тұтынушының танымында бір семантикалық өріске кіретін мағыналар оның санасында бір ассоциациялық өріспен теңбе-тең болуы сәйкестендірілді. Психолингвистикалық тәсіл арқылы зерттеудің нәтижесінде гипонимдер мен оның құрылымдық жүйесін құрайтын гиперонимдер синонимдік жүйенің құрамына енді. Синонимнің басты ерекшелігі - мағыналардың жақындығын айқындайтын белгілер сөйлеу актісіндегі сезім-теңеулерді қалыптастырушы белгілермен сәйкес келді [12, 12 б.]. Синонимия көрсеткіштері сөздің ассоциативті тізбегімен пара-пар болды. Дегенмен, адам танымында семантикалық өрістен гөрі ассоциативті өрістің әлдеқайда кең екені анықталды. Себебі семантикалық өрістің шектеу белгілері бар, ал ассоциативті өріс синтагмалық реакцияларды көп тудырады. Ассоциативті өрісте мағыналар тізбегі адамның аялық білім деңгейіне қарай шексіз жалғаса береді, ал синонимдік қатарда мағына жақындығы мен мағына ұқсастығы (бірдейлігі) шегінен асуға болмайды.

Психолингвистикалық тәсіл зерттеу әдістерін талқылауда үлкен рөл ақарады. Психологиялық тәсіл тіл тұтынушыларына жүргізілетін эксперименттерге сүйенеді, соның ішінде компонентті талдау басымдыққа ие болады, бұл талдау лексикондағы табиғи семантикалық қатынастарды емес көрсетпейді, керісінше тіл тұтынушының интуициялық танымын, мағыналарды сәйкестендіру нәтижелерін жарыққа шығарады.

Құрылымдық лингвистикада тілдік синонимдер мен жағдаяттық синонимдердің аражігін ажырату теориялық белгілерін анықтауда қиындықтар туындады. Тілдік синонимдер деп контекстен тыс мағыналары жақын және бірдей сөздер танылды. Ал жағдаяттық (контекстік) синонимдер деп мағыналардың жақындығы сөздік емес, тек мәнмәтін бойында анықталатын сөздер болып қабылданды [13, 56 б.]. Тілдік және жағдаяттық синонимдерді осылайша ерекшелеу контекстік синонимдерді таныту және қолданыста ажыратуда қиындыққа ұшыратты. Себебі мәтіндегі мағыналардың контекстуалды қатынасы икемді, сәйкестіктер тізбегі өте көп, адамның қабылдауына қарай мағыналар тізбегінің көлемі шексіз болды.

Тілдегі синонимдер ауызекі тіл мен жазбаша тілдің қолданыс динамикасында қатар пайдаланылатын бірлік. Мәселен ауызекі тілде дәстүрлі қолданыстағы синонимдер (*ата – қария – ақсақал – қарт – шал, т.б.; тәте(й) – әпке(й) – апай, т.б.; көрші – қошына – қоңсы, т.б.; ренжу – кею – жабырқау – жабығу – қапалану – назалану, т.б.*) қарапайым тұрмыстық өмірде жиі қолданылады. Ал жазбаша мәтіндерде әсіресе көркем мәтіндерде синонимдер мақсатты түрде қолданылады. Мәселен:

*Жан сүйсінер бірлік болмаған жерде, саналы тірлік те жоқ.*  
(Ғ.Мүсірепов)

\*\*\*\*\*

*Үлкен таланттың басына да бақыт – жолы болғыш аушыға жолыққан сар сазандай салаң етіп бірден түсе қалмайды.* (Ә.Кекілбаев)

\*\*\*\*\*

*Әр күн сайын құлшынып,  
Әр күн сайын түле бір.  
Мәңгі күрес – тіршілік,  
Мәңгі майдан – бұл өмір. (Қадыр)*

\*\*\*\*\*

*Деп үйреттің мәңгүртсің бәрің надан,  
Тілден, діннен айырылып елім, далам.  
Кеше алаңда сабаған сенің тегің,  
Ал таяқты жегендер менің балам.  
Ақын жүрек тартуда содан қайғы,  
Шыдамаймын айтпауға жарам жайлы.  
Кешір мені, замандас, осы жолы,*

*Жұбан сізбен пікірлес бола алмайды. (А.Бақтыгерев)* – жоғарыда көрсетілген көркем мәтіндердегі мысалдарда синонимдер арнайы таңдалып, сұрыпталып барып, қолданысқа түсіріледі. Сол арқылы бір мағыналы ойды өзара мәндес сөздер арқылы жарыса қолданылуы арқылы ойдың анықтығына, сөз бояуының қанық болуына, мағыналық реңк арқылы адам сезіміне эмоционалды-экспрессивті түрде әсер етуі, таным талқысынан орын алуына ықпал етеді.

Сонымен қатар синонимдер функционалды стилдерде түгелге дерлік кездесетін ерекше лексикалық бірлік екендігінде атап өтуге болады. Олар ауызекі стилде дағдылы түрде қолданылса, көркем әдебиет, публицистикалық, ресми іс-қағаздары мен ғылыми стилдерде мақсатты түрде қолданылады.

Синонимдерді корпустық лингвистика аясында зерттеу синонимдік жұптың сәйкесімділігін анықтауда септігін тигізді. Шетел лингвистикасында тіл корпусының мәліметтерімен синоним таңдау моделі сөздердің тіркесімділігін анықтау мүмкіндігін жаңа жетістік деп санады. Себебі бұл жүйеден синтагмалық қатынасқа талдау жасау мүмкіндігі жеңілдейді. Кластер аясында синонимдердің тізбегі қалыптасады. Сондай-ақ корпус арқылы синонимдердің моделін таңдау, доминатты сөздің синонимдер арасынан тіркесетін сөзін мағынасына қарай лайықтап таңдауы синонимдік қатардағы реттілікті жүйелеуге мүмкіндік берді. Осының нәтижесінде әрбір синонимдік қатардың «дискурстық профилі» қалыптасты. Корпустық лингвистика аясында синонимдердің автоматтандырыған жүйесі қалыптасты. Синонимайзер желісі енгізілді [14, 5 б.].

Синонимді антропоцентристік бағытта зерттеудің нәтижесінде синонимнің бір түрі – когнитивті синонимия қалыптасты. Когнитивті синонимия – бұл денотатты, коннотатты сөзқолданыстардан, менталды асооциациялардан, поэтикалық құндылықтардан, эмоционалды реакциялардан қалыптасқан ұқсас мағыналардың жиынтығы [15, 9 б.]. Когнитивті синонимдер мен тілдік синонимдердің айырмашығы тіл мен танымдағы мағынаның құрылу тетігіне байланысты.

Синонимдерді зерттеудегі функционалды бағыт сөйлеудегі мағыналық жағынан жақын лексикалық бірліктердің рөлін ашуға, синонимдердің мәтіндік мақсатын түсінуге мүмкіндік берді.

Синонимдердің лексикографиялық құрылымын антропоцентристік бағытта зерттеу олардың коммуникативті-прагматикалық қасиеттерінің толық көрінісін білдіреді. Синонимдердің коммуникативті мақсаты – коммуникативті стратегияларын жүзеге асыру үшін тілді ойнату, тіл тұтынушының сөзді құнарлы жеткізуге ықпал ету.

Дәстүрлі түрде синонимдер тілдік немесе ауызша және сөйлеу, контекстік болып бөлінеді. Контекстік синонимдердің дифференциалдық белгілері ретінде оларды узуалды синонимдермен салыстырғанда мынадай ерекшеліктер айқын көрінеді: тіл жүйесінің жетілмегендігі, контекстен тыс қабылдап үйренбегендік, көп қабатты (денотативті-мотивациялық-танымдық) семантикалық құрылым.

Тіл бірлігінің формасы мен мазмұнының асимметриясынан тұратын тіл мен ойлаудың объективті байланысы контекстік синонимияда сөйлеу құбылысы ретінде көрінеді, өйткені контекстік синонимдер автор әлемінің тұлғалық бейнесінің ерекшелігін вербалдайды. Себебі контекстік синонимдерде автор үшін маңызды мағыналар көрініс табады. Контекстік синонимдік қатар мәтіндегі синонимдердің жұмыс істеуінің негізгі формасы болып табылады, өйткені контекстке жақын сөздердің қатары лексемалардың жақындасуының айрықша жағдайларын анықтауға мүмкіндік береді.

Синонимиядағы семантикалық категория туралы мәлімет философиялық, логикалық аспектіде зерттеліп, лингвистика аясында терең әрі нақты пысықталмаған. Дегенмен, аталған теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, синонимдердің жұп, қатар құраушы белгісі, жіктелетін функциясын, индукция/дедукцияланатын қасиетін, өз ішінде синонимдер типіне ажыратылатын ерекшелігін ескере келіп, синонимді семантикалық категория деп тануға болады деген қорытындыға келдік. Бұнымен қоса синонимдер тек зат есімдерден ғана емес, барлық есім және етістерден жасалады. Мысалы антонимдер жасауда сын есім басымдыққа ие болса, синонимдер сөздігіне талдау жасай отырып, қазақ тілінде синонимдер қатарын жасауда етістіктердің белсенді екенін көреміз. Ал сан есімдер мағыналас сөздер жасауда тым әлсіз. Ал зат есімдер гипоним-гипероним қатынасында ғана белсенділік таныта алады. Мысалы: сақина (гипоним) – жүзік, құстұмсық, балдақ (гиперонимдер) – семантикалық тізбекті құрайды. Сол сияқты: жылау (гипоним) – еңіреу, боздау, аңырау, өкіру, ыңырсу, т.б (гиперонимдер) – синонимдік қатарды құраушы семантикалық тізбек болады.

Байқағанымыздай ұсынылған мысалдарда гипоним/гипероним қатынасында олар синонимдес сөздер болатыны айқын. Бірақ негізгі (жалпы) синонимді айқындайтын сөздер жалпы атаудың жеке түрлері ретінде таңдалса, орын алмастыру қызметін атқара алар ма екен? Сондықтан синонимдердің негізгі қызметі орын алмастыру мен нақтылаудың айырмашылықтары семантикалық қашықтықта екенін естеп шығармаған жөн. Олай болса мәнмәтіннің бойында анықталатын синонимдер осы екі қызметі аясында айқын көрініс табады. Мысалы, *Біздің ауылдың сұлу қызы. Біздің ауылдың ажарлы қызы. Біздің ауылдың көркем қызы* деп айтқаннан сөйлемнің мағыналық құрылымында айтарлықтай өзгеріс болмағандықтан

ажарлы, көркем, сұлу – синонимдер тізбегіндегі мағналас сөздерді орын алмастырушылар деп атауға болады. Ал енді мына мысалды қарайық: *Барлығы Ораздың киіміне қызықты. Барлығы Ораздың сырткііміне қызықты. Барлығы Ораздың ішігіне қызықты. Барлығы Ораздың сеңсең ішігіне қызықты* деген сөйлемдердің әрқайсысы жалпылықтан-жекелікке, жалпылықтан-нақтылыққа қарай мағыналық өзгеріс болғанын байқайды. Демек, сөйлемдердегі өзара синонимдес болатын сөздер нақтылаушы қызмет атқарғанымен гипоним/гипероним қатынасын сақтайды.

Синонимдердің нақтылау қызметі фразеологиялық синонимдердің мағынасын айқындауда маңызды рөл атқарады. Мысалы: «алыс» ұғымына синонимдес фразеологизмдер қатарындағы ит арқасы қиянда, ат шаптырым жер, қозыкөш жер, т.б. сияқты тұрақты тіркестердің нақты өлшемі бар. Олар бір-бірімен қашықтығы жағынан сәйкес келе бермейді. Демек, бұл фразеологизмдер нақтылықтан ауытқып, жалпылыққа, соның ішінде «алыс» гипонимінің мағыналас атауына айналғандар. Сол сияқты «жақын» сөзіне синонимдес фразеологизмдер: таяқ тастам жер, сідік шаптырым жер, қол созым жер, т.б. тұрақты тіркестердің де өзіндік өлшемдері бір-біріне сәйкес келмейді, оларды бір мағына тоғысына біріктіріп тұрған «жақын» семасы. Осылайша синонимдік қатарлар мағыналас сөздердің бірігуінен жасалғандықтан, өз ішінде мағыналық қашықтығы тұрғысынан нөлдік қашықтық, орта қашықтық, алыс қашықтық болып іріктелетіндіктен, өз ішінде классификацияланатындықтан семантикалық категория болып табылады. Мағыналардың жақын/алыс қашықтығына қарай тізбектелуі семантикалық градация деп аталады. Бұл – ұқсастықтың белгілеріне қарай анықталады: алдымен ұқсас белгілер, одан кейін ұқсас қасиеттер, одан кейін ұқсас әрекеттер теңестіріледі. Мысалы: «үлкен» ұғымының қазақ тілінде 17 мағыналас сөзі бар. соның ішінде нөлдік қашықтықтағы мағыналас сөздер қатарына, яғни орын алмастыру деңгейінде мына сөздер енеді. ҮЛКЕН – дәу, нән, ірі, орасан, әйдік. Одан кейін орта қашықтыққа мағыналас болғанымен орын алмастыруға келмейтін сөздер қатары енеді. ҮЛКЕН – дырау, ұлы, шоң, шой, қожбан. Одан кейін алыс қашықтыққа мағыналас болғанымен, тілдік қолданыста сирек кездесетін сөздер қатары енеді. ҮЛКЕН – ноян, зораң, дыр, дөй.

Синонимжасам заңдылығында синонимдік қатардың тұрақтылығын анықтауда мағыналас сөздердің эквиполенттілік қабілетіне аса мән беріледі. Эквиполенттілік – мағыналас сөздердің мәнмәтін құрамында басқа ұғымдармен тіркесуінде семантикалық өзгеріс немесе ауытқудың болмауы. Мәселен, «дос/жолдас» синонимдік жұбы бірінің орнын бірі алмастыра алатын эквиполенттілігін нақтылауда олардың тіркесімділік әлеуетін тексеру міндеттеледі.

Алдымен контрасты теңмағылалығы тексеріледі: жақсы дос/жақсы жолдас; жақын жос/жақын жолдас; сенімді дос/сенімді жолдас. «Дос/жолдас» мағыналас сөздері контрасты тіркесімдерде орын алмастыра алады.

Екіншіден, функторлар тіркесімі: досқа көмек/жолдасқа көмек; досыңмен кеңес/ жолдасыңмен кеңес; достың қолдауы/жолдастың қолдауы.

Үшіншіден, предикатордар тіркесімінде орын алмастыра алатынын тексеру: дос табу/жолдас табу; досын жоғалту/жолдасын жоғалту, досқа сену/жолдасқа сену, досын сату/жолдасын сату.

Үш деңгейде де тіркесімділігі сәйкес болса, «дос/жолдас» мағыналас жұбы – эквиолентті синонимдер деп танылады.

Синонимнің эквиоленттілік заңы не үшін керек? Синонимдік қатарда мағыналас сөздер алдымен заттың белгілеріне баса назар аударылады экспрессивті-эмоционалды, стилистикалық мағыналарын келесі белгілерін ретінде таңдалады. Мәселен, «арық» сөзінің мағыналас лексемасы ретінде *жүдеу* сөзі тұрады. Бұл екі сөздің ортақ заттық белгілері – адамның толық емес, ашаң жүзді, қуаңқы бетті болуы. Бірақ «арық» – тал бойындағы жұқалықты сипаттаса, «жүдеу» – аурушаң, солыңқы бейнені сипаттайды. Сондықтан арық – сырт келбетін мінездеуде, жүдеу – жай-күйін баяндауда айтылатын мағыналық реңкі бар қолданыстар. Осы тұрғыдан кейбір жағдаяттарда арық – жүдеуді; жүдеу – арықтың орнын алмастыра алмауы мүмкін. Себебі арық сымбатты, тал шыбықтай бейнесі позитивті бейнелеуге көбірек жұмсалады да, жүдеу – аурушаң, жадау күйді негативті сипаттауда жиі кездеседі. Сондықтан, «*Арық келген қыпша белді қыз екен*» деген сөйлемді «*Жүдеу келген қыпша белді қыз екен*» деп алмастыра алмаймыз. Демек, бұл жағдайда «арық/жүдеу» синонимдік жұбының эквиоленттілігі жоқ. Ал егер «*Арық шал еңкіс тартыпты*» деген сөйлемге «*Жүдеу шал еңкіс тартыпты*» деп орын алмастыра аламыз. Себебі тіркесуде функторлық сыңар мағынаға сәйкес таңдалған. Бұл жағдайда «арық/жүдеу» мағыналас жұбының эквиоленттілігі бар. Демек, синонимдік қатардың абсолюттілігін анықтауда мағыналардың интенсивтілігі басымдыққа ие болады екен.

### **Қорытынды**

Байқағанымыздай синонимдік бірлік үш семантикалық үдерістің негізінде пайда болады:

1. лексикалану үдерісі;
2. ассоциациялану үдерісі;
3. категориялану үдерісі.

Сонымен қатар синонимдер мағыналық жақындық қасиеті тұрғысынан бірнеше семантикалық категорияның аясында жіктеле алады екен. Синонимдер жеке лексема ретінде де, синтагмалық қатынаста да жұп синонимдер құрай алады. Ал синонимдік қатар құруда бірнеше бірнеше семалар мәнмәтін мазмұнына қарай қиылысады. Синонимдер жаңа мағынаның қалыптасуына негіз болады. Сондай-ақ синонимдер сөз мағынасының бастапқы, кейінгі, тура, ауыспалы мағыналарын анықтаудың басты қағидаты бола алады. Синонимдер мағынаның кеңею және тарылу динамикасын тудырушы семантикалық құбылыс деп саналады.

Ең бастысы синонимия тіл бірліктерінің ментальды кеңістікте қызмет етуіне және санадағы ойды жарыққа шығару тетігі ретінде түсініле бастады.



Осы тұрғыдан қазақ тілінде сөзге мағына үстемелеу және әрбір сөзді синонимдендірудің белсенді үдерісі бар екенін анықтауға болады. Синонимдер сөздердің денотатты және коннотатты мағыналарының жұмсалымын ажыратуға негіз болады. Сондай-ақ синонимдер сөз мағыналарының доминантты белгілерін айқындауға ықпал етеді. Синонимдер ұқсас мағыналардың жиынтығы бола отырып, тілдік санадағы тұрақты ассоциацияларды танытуға мүмкіндік береді.

Синонимия – «ұқсас/теріс» қағидасымен мағынаның жақындығын айқындайтын, өзіндік құрылымы, типтері, иерархиялы жүйесі бар, тілдік қатынастағы қызметі мен «теңмағыналылық» заңдылығын қалыптастыратын ережелері бар семантикалық категория.

Синонимия – логикалық, философиялық, лингвистикалық аяда зерттелетін әмбебап құбылыс бола отырып, адамның ойлау, пайымдау әрекеттерінен туындайтын семалық құрылымдарға өз заңы бойынша эквалентті жұп, қатар құрайтын семасиологиялық, ономасиологиялық категория.

Бүгінгі күнге дейін қазақ тіл білімінде синонимия құрылымдық лингвистика деңгейінде зерттелгенімен, антропоцентристік деңгейде, яғни менталді-тілдік категория деңгейінде анықтауға талпыныстар аз болғанын байқадық. Негізінде мағына адамның ойлау өрісінен туындайтындықтан, мағынаның алыс/жақындығын, ұқсастығын салыстыратын категориялар когнитивтік лингвистика, психолингвистика аспектісінде қарастырылса, жаңа заңдылықтары айқындалады.

Құрылымдық лингвистика аясында синонимдер ұқсас және мағыналас сөздер тізбегі ретінде танылса, когнитивтік лингвистика аспектісінде сөздердің «теңмағыналылық» қағидасын тудырушы, стереотиптенген, ассоциацияланған мағыналарды қалыптастырушы категория ретінде қарастырылады. Сондай-ақ синонимдердің прагматикалық қызметтері мағынаның дистрибуция, унарлы, бинарлы, предикаторлы, функторлы қатынаста абсолютті және эквиполитті синонимдер типін қалыптастыруға, мағынаның эквиваленттілігін сөйленіс пен тіл жұмсалысынан ажыратуға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде тіл білімінде синонимия – семантикалық, ономасиологиялық, менталды категория ретінде сабақтас зерттелуі синонимдердің типтері мен түрлерін, мағыналардың эквиваленттілігі мен эквиполенттілігін, мағыналардың нөлдік қашықтық пен алыс қашықтығы сияқты жаңа заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік тудырады.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Ключева В.Н. Краткий словарь синонимов русского языка // [https://rusneb.ru/catalog/002072\\_000044\\_ARONB](https://rusneb.ru/catalog/002072_000044_ARONB) 30.08.2021.

[2] Александрова З.Е. Словарь синонимов русского языка. Практический справочник. – М., 2022. – 582 с.

[3] Евгеньева А.П. Словарь синонимов русского языка. – Москва, 2002. – 648 с.

- [4] Царевская И.В., Тимашева М.В. К вопросу о синонимии существительных в американском и британском сленге // *Современные проблемы науки и образования*. – 2015. – № 2 (часть 2). <https://science-education.ru/ru/article/view?id=21777>
- [5] Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. – Москва, 2006. – 278 с.
- [6] Лебедева М.Ю. Лаборатория когнитивных и лингвистических исследований. – Москва, 2021. – 186 с.
- [7] Норман Ю. Лексическая и грамматическая семантика. – Москва, 2018. – 379 с.
- [8] Никитин Н. Курс лингвистической семантики. – СПб., 2018. – 451 с.
- [9] Арнольд И.В. Основы научных исследований в лингвистике. – Москва, 1991. – 140 с.
- [10] Шелов С.Д., Цумарев А.Э. О парадигматических отношениях в терминологии: вариативность и синонимия // *Язык. Культура. Речевое общение*. – 2013. – № 2. – С. 42–59.
- [11] Лайонзе Дж. Лингвистическая семантика: Введение. – Москва, 2022. – 390 с.
- [12] Евгеньева А.П. Синонимические и парадигматические отношения в лексике // *Синонимы и их особенности*. – Л., 1972. – С. 5-22.
- [13] Иванникова Е.А. К вопросу о взаимоотношении понятия варианта с понятием синонима. – Л., 1972. – С. 138-153.
- [14] <https://rustxt.ru/synonymizer>
- [15] Белов В.А. Функции употребления синонимов в разных типах текста. <https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-upotrebleniya-sinonimov-v-raznyh-tipah-teksta>

#### REFERENCES

- [1] Klyueva V.N. *Kratkij slovar' sinonimov russkogo yazyka* (Short dictionary of Russian synonyms) // [https://rusneb.ru/catalog/002072\\_000044\\_ARONB30.08.2021](https://rusneb.ru/catalog/002072_000044_ARONB30.08.2021). [In Rus.]
- [2] Aleksandrova Z.E. *Slovar' sinonimov russkogo yazyka. Prakticheskij spravochnik* (Dictionary of Russian synonyms. The practical handbook) . – М., 2022. – 582 s. [In Rus.]
- [3] Evgen'eva A.P. *Slovar' sinonimov russkogo yazyka* (Dictionary of Russian synonyms). – Moskva, 2002. – 648 s. [In Rus.]
- [4] Carevskaya I.V., Timasheva M.V. K voprosu o sinonimii sushchestvitel'nyh v amerikanskom i britanskom slenge (On the question of synonymy of nouns in American and British slang) // *Sovremennye problemynauki i obrazovaniya*. – 2015 – № 2 (chast' 2). <https://science-education.ru/ru/article/view?id=21777> [In Rus.]
- [5] Shmelev D.N. *Problemy semanticheskogo analiza leksiki* (The problems of semantic analysis of lexis). – Moskva, 2006. – 278 s. [In Rus.]
- [6] Lebedeva M.Yu. *Laboratoriya kognitivnyh i lingvisticheskikh issledovaniy* (Laboratory for Cognitive and Linguistic studies). – Moskva, 2021. – 186 s. [In Rus.]
- [7] Norman Yu. *Leksicheskaya i grammaticheskaya semantika* (Lexical and grammatical semantics). – Moskva, 2018. – 379 s. [In Rus.]
- [8] Nikitin N. *Kurs lingvisticheskoy semantiki* (Course of Linguistic Semantics). – SPb., 2018. – 451 s. [In Rus.]
- [9] Arnol'd I.V. *Osnovy naunyh issledovaniy v lingvistike*. (The basics of scientific research in linguistics) – Moskva, 1991. – 140 s. [In Rus.]
- [10] Shelov S.D., Cumarev A.E. O paradigmaticeskikh otnosheniyah v terminologii: variativnost' i sinonimiya (On paradigmatic relations in terminology: variability and synonymy) // *Yazyk. Kul'tura. Rechevoe obshchenie*. – 2013. – № 2. – S. 42–59. [In Rus.]
- [11] Lajonze Dzh. *Lingvisticheskaya semantika: Vvedenie* (Linguistic semantics: Introduction). – Moskva, 2022. – 390 s. [In Rus.]
- [12] Evgen'eva A.P. *Sinonimicheskie i paradigmaticeskije otnosheniya v leksike* (Synonymous and paradigmatic relations in vocabulary) // *Sinonimy i ih osobennosti*. – Л., 1972. – S. 5-22. [In Rus.]

[13] Ivannikova E.A. К вопросу о взаимоотношении понятия варианта с понятием синонима. (To the question on the relationship between notion of variant and notion of synonymy). – L., 1972. – S. 138-153. [In Rus.]

[14] <https://rustxt.ru/synonymizer>.

[15] Belov V.A. Funkcii upotrebleniya sinonimov v raznyh tipah tekstah (Functions of using synonyms in different types of texts). <https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-upotrebleniya-sinonimov-v-raznyh-tipah-teksta> [In Rus.]

## НОВЫЕ МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ СИНОНИМИИ КАК СЕМАНТИЧЕСКОЙ КАТЕГОРИИ

\*Жиренов С.А.<sup>1</sup>, Ержанкызы А.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>канд. фил. наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан,  
e-mail: Saken82@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4660-0381>

<sup>2</sup>PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан,  
e-mail: erzhankyzy91@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-0037-3777>

**Аннотация.** Основным направлением изучения синонимии в лексической системе как семантической категории является теоретическое и практическое совершенствование содержания таких направлений, как семасеология, лексическая парадигма, когнитивная семантика, путем изучения таких вопросов, как пути расширения семантического поля в семантической парадигме, развитие и изменение значения слова, использование смысловых оттенков, преобразование значений слова.

В качестве научной новизны научно-исследовательской работы можно сказать, что синонимы рассматриваются не только как лексическая единица, но и как категория, семантически обогащающая смысл слова, носящая смыслообразующий характер. К тому же, в то время как синонимы в языке изучаются и анализируются в рамках структурной парадигмы, в этом исследовании синонимы рассматриваются как лингвистически проанализированная работа на основе новаторских подходов к изучению, изучаемых в антропоцентрической парадигме.

В ходе исследования было установлено, что большое внимание уделялось изучению близости и дальности в смысловом поле синонимов. То есть создается впечатление, что изучение синонимов вышло из пространства структурной лингвистики и начало входить в антрополингвистический аспект. Проанализировав исследования в этом направлении, мы выяснили, что появились новые способы изучения синонимов. В нашей статье мы собираемся систематически представить эти новые методы.

Синонимические единицы в языке считаются количественным и качественным показателем богатства словарного запаса языка. По этой причине синонимы являются неотъемлемой частью динамики диахронического и синхронического развития языка. В статье путем рассмотрения вышеуказанных вопросов предполагается показать инновационные модели изучения семантической природы синонимов.

Научная значимость результатов и научных выводов, полученных в ходе изучения семантики синонимов в статье, способствует дополнению теорий лексико-семантического анализа художественных текстов и лингвостилистики.

Практическая значимость изучения синонимии как семантической категории проявляется в том, что фрагменты анализа могут быть широко использованы в лекционных и семинарских работах, читаемых по областям лингвистики художественного текста и лингвостилистики.

В соответствии с целью и задачами исследования синонимии как семантической категории, наряду с методом лингвистического описания и методами стилистико-семантического анализа на основе теоретических выводов применялись методы научный анализа обобщение.

**Ключевые слова:** синоним, синонимия, семантическая категория, вариативность, денотатив, лингвистика, архисема, дифференциальная сема, контекст, компонент

## NEW METHODS FOR STUDYING A SYNONYM AS A SEMANTIC CATEGORY

\*Zhirenov S. A.<sup>1</sup>, Yerzhankyzy A.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup> Cand. Phil. Sc., Associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan,  
e-mail: Saken82@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4660-0381>

<sup>2</sup>doctoral student in the specialty linguistics, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan,  
e-mail: erzhankyzy91@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-0037-3777>

**Abstract.** The study of the semantics of synonymous units is based on linguistic conclusions and principles, positions and patterns concerning the formation of the semantic cognitive content of the word in the fields of linguocognitology, psycholinguistics, linguophilosophy, lexical paradigm, enrichment of the lexico-semantic layer of the language.

Synonymic units in the language are considered quantitative and qualitative indicator of richness of language vocabulary. For this reason, synonyms are an integral part of the dynamics of diachronic and synchronic development of language. In the article, by considering the above issues, it is supposed to show innovative models for studying semantic nature of synonyms.

The scientific significance of the results and conclusions obtained during the study of semantics of synonymy in the article contributes to the expansion of theories of lexico-semantic analysis of literary texts and linguistic stylistics.

The practical significance of the study of synonymy as a semantic category is manifested in the fact that fragments of analysis can be widely used in lectures and seminars in the fields of literary text linguistics and linguistic stylistics.

The conclusions of the research work shows that in the cognition of the semantic existence of synonymous units in a language, between the degree of semantic proximity of language units and the semantic field, there are thin threads inherent in the invisible nature of language, which improve the content of one of them, and are interconnected with the environment.

In accordance with the purpose and objectives of the study of synonymy as a semantic category, along with the method of linguistic description and methods of stylistic and semantic analysis on the base of theoretical conclusions, methods of scientific analysis generalization were used.

**Keywords:** synonym, synonymy, semantic category, variability, denotative, linguistics, archiseme, differential seme, context, component

*Статья поступила 08.02.2023*